

ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ШЕКТЕУ – ШАРАСЫЗДЫҚТЫҢ АМАЛЫ

5-БЕТ | САРАПТАМА



ЭТНОАРХЕОЛОГИЯ – ТАРИХТЫҢ АЛТЫН КІЛТІ

6-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
15 НАУРЫЗ МАРТА
Важен голос каждого из нас!
РЕФЕРЕНДУМ
www.election.gov.kz

№22
(4920)
Сейсенбі
24 ақпан
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



1 АЛТЫН – 19-ОРЫН

6-22 ақпан аралығында Италияда өткен қысқы Олимпиада ойындары мәресіне жетті. Байрақты жарыстың жабылу салтанатында Қазақстан туын мәнерлеп сырғанаудан Олимпиада чемпионы атанған Михаил Шайдоров көтеріп шықты.

Олимпиада ойындарының қорытындысында Қазақстан ұлттық құрамасы жалпыкомандалық есепте 19-орынға тұрақтады. Михаил Шайдоровтың жалғыз алтын медалі осындай көрсеткішке қол жеткізді. Қазақстан спортшылары биыл қысқы Олимпиада ойындарында 10 спорт түрінен 58 медаль жиынтығы бойынша бақ сынады. Олардың қатарында биатлон, конькимен жүгіру, мәнерлеп сырғанау, шорт-трек, тау-шаңғы спорты, шаңғы қоссайысы, шаңғы жарыстары, шаңғымен трамплиннен секіру, фристайл-могул және фристайл-акробатика бар. Қазақстаннан ел намысын 34 спортшы қорғады. Жалпы Италия алаңдарында өткен жарыстарға әлемнің 90-нан астам елінен шамамен 3500 спортшы қатысты. Байрақты бәсекеде 16 спорт түрі бойынша 116 медаль жиынтығы сарапқа салынды.



ТӨРТ МЫҢ ӘКЕ ҚАР КҮРЕДІ

Астанада «Таза Қазақстан» акциясы аясында «200 мектеп және балабақша – 4000 әке» қар күреу экочелленджі өтті.

Экочеллендж акциясына мектеп оқушыларымен қатар 4 мың әке қатысты. Олар мектеп және балабақша ауласын қардан, мұздан тазартты.

«Бұқаралық іс-шара «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы мен республикалық «Таза Қазақстан» бастамасы аясында ұйымдастырылды. Мұндай іс-шаралар баланың бойында жауапкершілік, адамгершілік, адалдық секілді қасиеттердің қалыптасуына септігін тигізеді. Экочелленджді ұйымдастыруға Астана қаласының Білім басқармасы қолдау көрсетті. «Әкелер одағы» атынан алғысымызды білдіреміз» деді республикалық «Әкелер одағы» Астана қаласы филиалының төрағасы Бекдайыр Күзембай.

Экочелленджді басты мақсаты – білім беру ұйымдары мен ата-аналар қауымдастығы арасындағы байланысты нығайтып, тәрбие ісіндегі әкенің рөлін арттыру.

БИЫЛ – 209 МЫҢ АВТОКӨЛІК

Қазақстанда автокөлік өндіретін 11 зауыт жұмыс істейді. Биыл елімізде 209 мыңнан астам автокөлік жасалады деп жоспарланып отыр.


«2025 жылдың қорытындысы бойынша елімізде 171442 автокөлік өндірілді. Олардың арасында жеңіл көліктер, жүк көліктері және автобустар бар. Бұл көрсеткіш жылдан-жылға қарыштап өсіп жатыр. Мәселен, 2025 жылы 2024 жылға қарағанда 26 мың дана машина артық жасалды. Ал 2026 жылы Қазақстанда 209 мыңнан астам автокөлік өндіріледі деп болжаймыз» деп мәлім етті «Қазақстанның автокөлік одағы» ЗТБ президенті Анар Мақашева.

Биыл Қазақстанда тағы бір автокөлік зауыты іске қосылады.

УАҚЫТША ТІРКЕЛУГЕ МҮМКІНДІК БЕРІЛЕДІ

Конституция жобасы бойынша референдум күні еш жерде тіркелмеген азаматтарға дауыс беру учаскесі орналасқан үй-жайға уақытша тіркелу мүмкіндігі беріледі. Бұл туралы Орталық референдум комиссиясы төрағасының орынбасары Мұхтар Ерман айтты.

«Тұрақты тіркелген жерінен алынып тасталған немесе еш жерде тіркеуде болмаған азаматтардың сайлау құқығын іске асыру мақсатында азаматтарға дауыс беру күні учаске орналасқан үй-жайда уақытша тіркелу мүмкіндігі беріледі және бұл тек қана дауыс беру күні үшін» деді М.Ерман комиссия отырысында.



Учаскелік референдум комиссияларының мүшелері eGov порталы арқылы азаматтың жазбаша өтініші бойынша оны азаматтар тізіміне енгізу үшін тұрақты тіркелген жері туралы ақпаратты алады.

«Өтініш берушінің тиісті референдум учаскесінің аумағында тұрақты тіркелген жері туралы мәлімет расталған жағдайда, комиссия оны сайлаушылар тізіміне енгізу шешімін қабылдайды. Егер мәлімет расталмаса, азаматтар тізіміне енгізуден бас тарту туралы негізделген шешім қабылдап, оның көшірмесін өтініш беруге табыстайды» деді төраға орынбасары.

№22 (4920) 24/02/2026 Сейсенбі

АҚОРДА



ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Грузияның Ішкі істер министрі Гела Геладзені қабылдады. Әңгімелесу барысында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және қылмысқа қарсы күрес бағыттарындағы екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды.

Президент Грузия еліміздің Оңтүстік Кавказдағы маңызды әрі сенімді серіктесі саналатынын атап өтті. Сондай-ақ екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастың уақыт тезінен өткен тарихи тамырластыққа құрылғанына тоқталды.

Гела Геладзе Қасым-Жомарт Тоқаевқа шетелдік туристердің, соның ішінде Қазақстан азаматтарының қауіпсіздігін сақтау бойынша грузиялық құқық қорғау органдарының атқарып жатқан жұмысы жөнінде мәлімет берді.

Қазақстан мен Грузия ішкі істер министрліктері ұйымдасқан қылмысқа, есірткі тасымалдауға, киберқылмысқа және экстремизмге қарсы күрес, сондай-ақ озық тәжірибелер алмасу, маман даярлау бағыттарында өзара ықпалдастықты нығайтуға ниетті.

Кездесуде Мемлекет басшысы Грузия Президенті Михаил Кавелашвили мен Премьер-министр Ираклий Кобахидзеге сәлемін жолдады.

ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ ЖАҢА ВЕКТОРЫН БЕЛГІЛЕЙДІ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин жаңа Конституция жобасына арналған сарапшылар талқылауына қатысты. «Жаңа Конституция: сенім мен дамудың жаңа архитектурасы» тақырыбындағы сарапшылар алаңын Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты және Қоғамдық саясат институты бірлесіп ұйымдастырды.

Іс-шараға Парламент депутаттары, Конституциялық комиссия мүшелері, мемлекеттік органдардың, академиялық және сарапшылар қауымдастығының, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарының өкілдері қатысты.

Мемлекеттік кеңесші жаңа Ата Заң жобасының маңызына тоқталды.

«Жаңа Конституция заңдық тұрғыда ең жоғары тұратын жай ғана құжат емес, бұл – белгілі бір дәрежеде қоғамдық келісім. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа жоба біздің бірегейлігімізді және бірқатар негізгі мәселе бойынша қалыптасқан қоғамдық консенсусты әлдеқайда нақты көрсетеді. Ең бастысы, жаңа Конституция қай бағытта жүріп келе жатырмыз, болашақта қандай мемлекет құруды көздеп отырмыз деген сұрақтарға нақты жауап береді. Алғаш рет ғылым, білім және инновациялар мемлекет дамуының стратегиялық негізі ретінде бекітілмек. Қазақстан болашақта технологиялық тұрғыдан дамыған ел атануды көздейді. Осылайша, жаңа Конституция дамудың жаңа басымдықтарын айқындап, ел өркендеуінің жаңа векторын белгілейді» деді Ерлан Қарин.

Үш панельдік сессия барысында сарапшылар ашық форматта жаңа Конституция жобасының негізгі ережелерін, институционалдық, құқықтық және саяси жаңашылдықтарды талқылады. Жалпы, аталған алаңның жұмысы жаңа Ата Заң жобасын талқылауға сарапшылар қауымдастығының кеңінен тартылғанын көрсетті.

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУҒА 40,7 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛЕДІ

Үкімет резервінен 2026 жылы кешенді геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге 40,7 млрд теңгеден астам қаражат бөлінеді. Қаржы 20 геологиялық түсірілім жобасын бастауға бағытталады. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.

«Биыл аэрогеофизикалық және далалық жұмыстар, соның ішінде геохимия, бұрғылау және арықтар қазу жоспарланған. Геологиялық түсірілім Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Түркістан облыстарының, сондай-ақ Абай, Ұлытау облыстарының аумақтарын қамтиды. Сондай-ақ Шу-Сарысу және Солтүстік Торғай аумақтарында зерттелмеген мұнай-газ перспективалы шөгінді бассейндердің 2D сейсмикалық барлау жұмыстарының 6 жобасын жүзеге асыру көзделген. Барлық жобаны 2028 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Жалпы үш жылдық кезеңде мемлекеттік геологиялық зерттеуге шамамен 240 млрд теңге немесе $500 млн қарастырылған» делінген Үкіметтің баспасөз қызметі таратқан ресми ақпаратта.

ОТАНДЫҚ АВИАЦИЯ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Air Astana компаниясының бас атқарушы директоры Питер Фостерді қабылдады. Кездесуде авиация саласын дамыту мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Air Astana компаниясының Еуразиядағы жетекші авиатасымалдаушылардың біріне айналуға Питер Фостердің елеулі үлес қосқанын атап өтті. Әңгімелесу барысында Қазақстан мен АҚШ арасында тікелей әуе қатынасын ашу, сондай-ақ аталған рейстерді орындау үшін алыс қашықтыққа ұшатын әуе кемелерін сатып алу мәселелеріне ден қойылды. Президент отандық авиацияның бәсекеге қабілетін одан әрі арттыру қажет екенін айтты.



ИМПЕРАТОРДЫ ТУҒАН КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жапония Императорының туған күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады. Мемлекет басшысы екі ел арасындағы достық пен өзара қолдауға негізделген сан қырлы ынтымақтастық қос халықтың игілігі жолында жандана беретініне сенім білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев Император Нарухитоның игі бастамаларына мол табыс, ал достас жапон халқына бақ-береке тіледі.

ҮКІМЕТ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР – БАҚЫЛАУДА

Премьер-министр Олжас Бектенов «Самұрық-Қазына» АҚ директорлар кеңесінің отырысын өткізді. Үкіметтің Telegram-арнасы хабарлағандай, жиында қордың 2025 жылғы жұмысының қорытындылары және басым инвестиция жобаларын жүзеге асыру мәселелері қаралды.



Қордың басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов есепті кезеңдегі өндіріс және қаржы қызметінің нәтижелерін бяндады. Мәселен, газды тасымалдау бір жылда 9%-ға, жүк айналымы 5%-ға, мұнай мен газ конденсатын өндіру 3%-ға өскен. Қаржы тұрақтылығы мен инвестиция динамикасына ерекше назар аударылуда. 2025 жылғы бағалау бойынша қордың кірісі 19,1 трлн теңгені, EBITDA 5,4 трлн теңгені, таза пайда 2,1 трлн теңгені құрады. Басқарудағы активтер $88 млрдқа дейін немесе 2024 жылмен салыстырғанда 9%-ға өскені атап өтілді. Өсім инвестиция жобаларын жүзеге асыру және таза пайданы ұлғайту есебінен қамтамасыз етілді.

Директорлар кеңесі сондай-ақ жалпы құны 52 трлн теңге болатын экономиканың басым салаларын, соның ішінде энергетика, көлік, мұнай-газ секторы және басқа бағыттарды қамтитын 120 жобадан тұратын топтың инвестиция портфелін жүзеге асыру барысы туралы ақпаратын тыңдады. Жобаларды жүзеге асыру Мемлекет басшысының тапсырмалары шеңберінде жүргізіледі. 2025 жылы қор компаниялары отандық өндірушілермен шамамен 2,2 трлн теңгеге (2024 жылы – 1,1 трлн теңге) 9 мыңға жуық шарт жасасып, өсім 98%-ды құрады. Сондай-ақ 2025 жылы жалпы сомасы шамамен 260 млрд теңгеге 363 офтейк-келісімшарт жасалды, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 30%-ға артық.

2025 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ жалпы құны 1,1 трлн теңгені құрайтын 10 жобаны аяқтады. Олардың қатарында жылына 750 мың тоннаға дейін өнім өндіру қуатымен CASPI BITUM өндірісін кеңейту, тәулігіне 50 мың текше метр су тұщыту қуаты бар Кендірлідегі тұщыту зауыты, «Достық – Мойынты» теміржол желісінің екінші жолдарын салу, сондай-ақ контейнерлік инфрақұрылымды дамыту және өнеркәсіп өндірісін локализациялау жобалары бар.

2026 жылы энергетика, көлік, цифрлық және өнеркәсіп инфрақұрылымын дамытуға, транзит әлеуетін нығайтуға әрі Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық өсімін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар стратегиялық маңызды жобаны аяқтау жоспарланып отыр.

Нұрлан Жақыпов кеңес мүшелеріне 2026 жылы еліміздің ЖІӨ-нің өсіміне оң әсер ететін жоспарланған инвестициялық шығындар 5,3 трлн теңгені (2025 жылы – 2,7 трлн теңге, 2024 жылы – 2 трлн теңге) құрайтынын хабарлады. Бұл қаражат жаңа қуаттарды іске қосуға көзделген, олардың ішінде Алматы қаласындағы 2-ЖЭО және 3-ЖЭО, Түркістандағы БГҚ, Каспий теңізінің түбіндегі Транскаспий талшықты-оптикалық желісі және тағы басқалар бар.

JOLTAP – МҮМКІНДІККЕ ЖОЛ

Елордада жаңа мамандықты игеріп, табысын арттырып, өз ісін бастағысы келетін тұрғындарға арналған Joltap жобасы өз жұмысын жалғастырып жатыр. Оның аясында астаналықтар қысқамерзімді тегін курстан өтіп, кәсіп ашуға нақты мүмкіндік алуда. Соның бірі – көпбалалы ана Гүлден Нұрқожаева.



«Кеден ісі және экономист» мамандығы бойынша екі жоғары білімі бар бес баланың анасы Гүлден Нұрқожаева ұзақ жылдар бала тәрбиесіне ден қойған. Дегенмен жүрек қалауындағы тігіншілік өнерін тастамай, шағын кәсібін қатар алып жүрген. Ол Joltap жобасы туралы тігіншілерге арналған чаттан біліпті.

«Көпбалалы аналарға қандай тегін курстар бар екен?» деп іздеп жүрген едім. Бұл – менің қатысқан алғашқы кәсіби курсым. Бұрын тігіншілікті арнайы оқымағанмын. Мен үшін өте керемет жоба болды» дейді Гүлден.

Курс барысында қатысушылар халат тігуді үйреніп, киімге сыдырма салу, шалбар балағын қысқарту, жейде жеңін пішу, той көйлегінің жағасын тігу сынды маңызды детальдарды меңгерген.

– Үйренген тәсілдер арқылы толық бір киімді тігіп шығуға болады. Ұстазымыз Фарида апайдың жұмысын көріп таңғалдым. Оның шеберлік сабағында этностильдегі пальто тіктік. Қазір осы ерекше үлгідегі пальтоға тапсырыс қабылдап жатырмын, сұраныс жоғары, – дейді ол.

2019 жылы кәсіпкерлікті қолдау қорынан грант ұтып алып, тігін машиналарын сатып алған. Қыз жасауын тігіп, кейін өз қаражатына жүн мен мақта түтетін станок алған.

«Құрақ көрпе мен қыз жасауына еліміздің түкпір-түкпірінен тапсырыс түсті. Қазір ауламыздағы киіз үйде шағын шеберханамыз бар. Сол жерде жүн түтіп, тігін тігеміз. Жолдасым да қолдау көрсетеді. Енді курс барысында үйренгенімді дамытып, қыз ұзату тойына ұлттық киімдер тігу жоспарда бар» дейді кәсіпкер ана.

Joltap жобасы Астана қаласы әкімдігінің бастамасымен және «Жаңа мүмкіндік» қоғамдық қорының қолдауымен жүзеге асып жатыр. Оның аясындағы қысқамерзімді оқыту бағдарламасы 18-50 жас аралығындағы Астана тұрғындары үшін тегін ұсынылады. Оқудан кейін қатысушыларға сертификат беріледі. Ал түлектердің кандидатурасы jumystap.kz атты жұмыс және қызметкерлерді іздеуге арналған сайтта тегін жарнамаланады.

ҚОЛАЙЛЫ ОРТА ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

№117 мектепте «Елордалық білім беру ұйымдарында балалардың психологиялық және эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету» тақырыбында кеңейтілген отырыс өтті.

Іс-шараға Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Закиева және Астана қаласы әкімдігінің өкілдері, білім беру ұйымдарының басшылары, педагог-психологтар, Полиция департаментінің өкілдері, бала құқығын қорғау саласының мамандары қатысты.

Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев кездесуде мектептерде қолайлы психологиялық ортаны қалыптастыру жүйелі, кешенді және ведомствоаралық өзара іс-қимылға негізделуі тиіс екенін атап өтті. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Закиева балалардың психологиялық әл-ауқатын нығайту бойынша жұмысты ұйымдастыру туралы баяндама жасап, қауіпсіз, қолдау көрсететін және сенімге негізделген білім беру ортасын құрудың маңызына тоқталды. Астана қаласы бойынша Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Әсима Бимендина білім беру ұйымдарындағы профилактика жұмысын күшейтуге және тұрақты ведомствоаралық ынтымақтастықты жолға қоюдың маңызына назар аударды. Кеңес қорытындысы бойынша профилактикалық жұмысты жүйелеу, педагог-психологтардың кәсіби әлеуетін арттыру, тәуекелдерді ерте анықтау тетіктерін жетілдіру, ведомствоаралық ынтымақтастықты күшейту бағыттары бойынша ұсыныстар әзірленді.

МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН СЕМИНАР

Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығы мен Р.Қошқарбаев атындағы №44 орта мектептің ұйымдастыруымен «Darya, Scaffold» ізденіс, тәжірибе және нәтиже» тақырыбында республикалық семинар өтті.



Семинардың мақсаты – Scaffold құзырет құралдарын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану және алдыңғы қатарлы іс-тәжірибелермен бөлісу, оқу-тәрбие үдерісіне тиімді кіріктіру жолдарын көрсету арқылы құзырет дағдысын, машықтарды қалыптастыратын тәжірибе алаңын құру. Іс-шараға Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің бас сарапшысы Гүлназ Есжанова, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Мектепалды даярлық және бастауыш білім беру» зертханасының аға ғылыми қызметкері Раушан Бәпішева, Әдістемелік орталық әдіскері, білім сарапшысы, халықаралық тренер Мәдениет Хабатұлы, Қамқоршылық кеңес төрайымы Майра Қоразова, Астана, Павлодар, Өскемен қалаларының, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облысының білім беру ұйымдарынан ұстаздар қатысты. Бірінші бөлімде мектепте жүріп жатқан жобалар, екінші бөлімде «Scaffold» құзырет құралдарын сабақта қолдану үлгісін 12 мұғалім көрсетсе, үшінші бөлімде әр өңірден келген ұстаздар тәжірибе алмасты.

АВТОКӨЛІК ИЕЛЕРІ НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?

Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті барлық автокөлік иелеріне 2025 жылға арналған көлік құралдарына салынатын салықты төлеу мерзімі 2026 жылдың 1 сәуірінде аяқталатынын еске салады. Салық төлеу салық төлеушінің тұрғылықты жері бойынша жүргізіледі.

Азаматтар салықты бірнеше ыңғайлы тәсілмен, атап айтсақ, «E-Salyq Azamat» мобильді қосымшасы арқылы, калькуляторды ресми веб-порталда пайдалану kgd.gov.kz, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің қосымшасы арқылы дербес есептей алады және төлей алады.

Азаматтардың бірқатар санаты қозғалтқыш көлемі 4000 текше смге дейінгі бір автокөлік құралдарына салық төлеуден босатылатынын атап өту маңызды. Оларға Ұлы Отан соғысының батырлары, Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік еңбек батыры, «Халық қаһарманы» және «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтарына ие болғандар, үш дәрежелі «Еңбек даңқы» және «Отан» ордендерінің иегерлері, «Батыр ана» атағына ие болған немесе «Алтын алқа» алқасымен марапатталған көпбалалы аналар немесе «Күміс алқа» және мүгедектігі бар адамдар жатады.

Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті автокөлік иелеріне егер салық уақытында төленбесе, жеке сот орындаушыларының қызметі үшін қосымша шығындар туындауы мүмкін екенін ескертеді.

Толығырақ ақпаратты 1414/3 нөміріне хабарласу арқылы немесе @astana_mkd_dgd_astana Instagram парақшасы бойынша ала аласыздар.

Қымбат ИСЕНОВА,
Астана қаласы бойынша МКД түсіндіру жұмысы басқармасының басшысы

«Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында елордалық полицейлер қалалық прокуратурамен бірлесіп, Astana Polytechnic білім алушыларына дәріс өткізді. Жол қауіпсіздігі қағидаларын сақтауға бағытталған маңызды профилактикалық іс-шараға Астана қаласы прокуратурасы басқармасының прокуроры Ақжол Шалқарұлы, Астана қаласы Полиция департаменті әкімшілік практика басқармасының инспекторы Аружан Зекен, Қызыл Жарты Ай Қазақстан қорының өкілі Мұрат Атамұратов қатысты.

ЗАҢ – ОРТАҚ, ТӘРТІП – БІРДЕЙ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Кездесу ашық диалог форматында өтті. Қатысушыларға жол қозғалысы ережелерін сақтаудың маңызы түсіндірілді. Сонымен қатар жолдағы жеке жауапкершілік пен мұқият болудың рөлі, қоғамдағы мінез-құлық мәдениетінің өзектілігін атап өтті.

– Студенттерге заң мен тәртіп қағидаты жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жастар өздерін қалай ұстау керектігі, олардың құқықтық сауаттылықты білу негіздерін айтып бердік. Жол қауіпсіздігі бойынша толық ақпарат беріліп, бейнематериалдар ұсынылды, – деді Астана қаласы прокуратурасы басқармасының прокуроры Ақжол Шалқарұлы.

Іс-шараға Қызыл Жарты Ай Қазақстан қорының өкілдері қатысып, алғашқы медициналық көмек көрсетудің базалық дағдыларын және төтенше жағдайларда әрекет ету алгоритмдерін көрсетті. Шара барысында жол-көлік оқиғаларының негізгі себептері айтылды. Жол қозғалысына қатысушылардың жиі жіберетін қателіктері көрсетілді. Жаяу жүргіншілер мен жолаушылар үшін қауіпсіз жүріс-тұрыс қағидалары жан-жақты қарастырылды.



АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Құрметті тұрғындар! Астана қаласының мәслихаты хабарлайды: «Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру қызметі және мемлекеттік органдар мен қалалық қызметтердің жұмысы туралы халықты ақпараттандыру тиімділігі туралы» мәселесі бойынша 2026 жылғы 25 ақпанға белгіленген көпшілік тыңдаулар 2026 жылғы 27 наурызға, сағат 11:00-ге ауыстырылды.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2026 жылы 27 ақпанда сағат 10:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

1. «Астана қаласының 2026-2028 жылдарға арналған бюджеті туралы» Астана қаласы мәслихатының 2025 жылғы 12 желтоқсандағы №352/47-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

3. Астана қаласы әкімдігінің жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссияның құрамы туралы.

4. Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 30 маусымдағы №53/5-VIII «Астана қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар беру жөніндегі комиссияның құрамы туралы» шешімінің күші жойылды деп тану туралы.

5. Астана қаласының сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау жөніндегі Астана қаласы мәслихатының уақытша комиссиясын құру туралы.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес қоғамдық талқылаулар өтетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 20 наурыз сағат 10:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Заңды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. Астана қаласындағы Е117, ТМ-17, ТМ-36, ТМ-21 көшелерінің (жобалық атаулары) шекарасында орналасқан егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу барысында «Паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй» объектісін 9 қабат етіп орналастыру бойынша. Тапсырыс беруші – «Астана Строй 2024» ЖШС.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде b.balgozhin@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

№22 (4920) 24/02/2026 Сейсенбі



ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ – ОРТАҚ МАҚСАТ

Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның камералық залында елорданың мәдениет саласы өкілдеріне жаңа Конституция жобасын түсіндіру, пікір алмасу жиыны өтті. Кездесуге «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы Астана қалалық штабы мүшелері қатысып, алдағы конституциялық реформаның мән-маңызын талқылады.

Райхан РАХМЕТОВА

Өнер адамдарымен кездесуге аталған коалицияның Астана қалалық штабының төрағасы Ерлан Каналимов, Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай, Астана қалалық мәслихатының депутаты Ғабит Тәжімұратов, Музыкалық жас көрермен театрының директоры Асхат Маемиров, Amanat партиясы елордалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек қатысты.

– Елордада мәдениет саласында бүгінде 2 мыңнан астам адам еңбек етеді. Олар – өнердің өрісін кеңейтіп, сахна шырағын сөндірмей келе жатқан әртістер мен музыканттар, режиссерлер мен жазушылар, театр актерлері мен концерт ұйымдарының мамандары. Қаланың рухани келбеті, жан дүниесі мен үні – осы жандардың маңдай тері мен шығармашылық ізденісінің жемісі. Сол зиялы қауым өкілдерімен кездесу барысында жаңа Конституция жобасында зияткерлік меншікті қорғау тетіктері нақтыланып, сондай-ақ мәдениеттің ұлттық бірегейлікті айқындап, елдің халықаралық беделін нығайтудағы рөлі күшейтілгенін атап өттім. Сала өкілдеріне кәсіби ұстанымы, белсенділігі және елордамыздың өркендеуіне қосқан үлесі үшін шынайы алғысымды білдіремін! – дейді Е.Каналимов.

Штаб өкілдері 1995 жылғы қазіргі Конституцияны небәрі 9 адам жасап шығарған болса, жаңа Конституция жобасын әзірлеуге 130 адам қатысқанын атап өтті. Сонымен қатар оны әзірлеу үдерісі, талқылау – бәрі ашық түрде, халықтың көз алдында тікелей эфирде өтті. 6 ай ішінде халықтан келіп түскен ұсыныстар мен өтініштер әбден ой елегінен өтіп, ең тиімділері заң баптарына енгізілген.

– Әділетті, ашық әрі халық үні естілетін мемлекет құру – бәрімізге ортақ мақсат. Мәдениет – ұлттың рухы. Ал рухы мықты елдің болашағы да берік. Осы ретте еліміз үшін маңызды кезеңде жаңа Конституцияны қолдау бағытындағы үгіт-насихат жұмысы аясында мәдениет қызметкерлерімен бірге жаңа құжат туралы ой бөлістік. Қашанда еліміздің даңқын халықаралық ареналарда асқақтатып жүретін өнер адамдары мұндай ел үшін маңызды саяси оқиға кезінде оған белсенді атсалысып, референдумнан тыс қалмайтынына сенім білдірдім, – дейді Ғ.Тәжімұратов.

Өзге де спикерлер Конституциядағы баптар мен тармақтардың бұрынғы заңнан артықшылықтары мен маңызды бағыттарын түсіндіріп, мәдениет қызметкерлері үшін алғаш рет заңмен бекітілген тиімді тұстарына тоқталды.

– Мәдениет саласының өкілдеріне адам құқығының басымдығы, әділеттілік қағидаттары және алдағы стратегиялық бағыттар кеңінен түсіндірілді. Еңбек ету, лайықты еңбекақы алу, білім алу, ой бостандығы мен жеке таңдау еркіндігі секілді негізгі құқықтардың Ата Заң деңгейінде бекітілуі ерекше атап өтілді. Сонымен қатар мәдениет саласының қоғамдағы рөліне айрықша назар аударылды. Шығармашылық еркіндікті қорғау, мәдени мұраны сақтау және өнер иелеріне қолдау көрсету елдің рухани дамуының негізгі тіректерінің бірі екені де айтылды, – дейді М.Болысбек.

Штаб мүшелері алдағы референдумда ауызбіршілік пен жауапкершілік танытып, барша ұжым мен олардың жақындарын бірауыздан дауыс беру үшін өз сайлау учаскелеріне келуге шақырды. Халық арасынан сөз алған танымал әнші Майра Ілиясова және басқа да өнер тарландары кездесудің мән-маңызын жоғары бағалап, өрелі істен тыс қалмайтынын жеткізді.



ДАМУДЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Астана қаласы әкімдігіне қарасты Elorda Eco System мекемесінде «Қазақстандағы конституциялық реформа» тақырыбында мекеме қызметкерлерімен кездесу өтті. Оған Астана қаласы мәслихатының депутаты, Amanat партиясының мүшесі Ләззат Разбекова, «Ауыл» партиясының белсендісі Ұлан Абдыханов, Amanat партиясы Байқоңыр аудандық филиалы партиялық бақылау комитетінің төрағасы Талғат Мамықанов, Amanat партиясының белсендісі Мекен Карманов, Астана қаласы Коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Олжабек Бейсов қатысты.

Шапағат ӘБДІР

Іс-шараны Elorda Eco System мекемесінің басқарушы директоры Руслан Игіліков жүргізді. Кездесу барысында Қазақстан Республикасының жаңартылған Конституциясы жан-жақты талқыланды. Спикерлер конституциялық реформалардың ел дамуына, демократия үдерісінің нығаюына және азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға бағытталғанын атап өтті.

– Қазақстандағы басты капитал – адам ресурсы. Жаңа Конституцияны оқып, терең түсінген азамат үшін ол үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Мемлекеттік басқару жүйесінде бірқатар өзгеріс енді. Бұл реформалардың барлығы халық игілігі үшін қызмет етеді, – деді Астана қаласы мәслихатының депутаты Ләззат Разбекова өз сөзінде.

Сондай-ақ ол Конституциядағы мемлекеттік тілдің мәртебесі, билік тармақтарының өкілеті мен жауапкершілігі жөнінде кеңінен түсіндіріп өтті.

Ал «Ауыл» партиясының белсендісі Ұлан Абдыханов қазіргі таңда еліміздің геосаяси жағдайы күрделі кезеңді бастан өткеріп отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, мұндай өзгерістер құқықтық тұрғыдан мемлекет тұрақтылығын нығайтып, халыққа оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар ол ел болашағы үшін маңызды шешімдер қабылдауда жұрт болып жұмылудың маңызын айтты.

Өзге де спикерлер қоғамдағы тұрақтылық, бейбітшілік пен келісімнің құндылығына тоқталып, Ата Заңның жаңартылған нұсқасы елдің алдағы дамуына берік негіз болатынын жеткізді.

Кездесу ашық пікір алмасу форматында өтіп, қатысушылар өз сұрақтарын қойып, тиісті жауаптар алды.

iKOMEK АЛАҢЫНДА ТАЛҚЫЛАДЫ

Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МКК-де iKomek109 бірыңғай байланыс орталығында «ҚР жаңа Конституциясы жобасы және цифрлық мониторингтің өзекті міндеттері» тақырыбында консультациялық кездесу өтті.

Кездесу ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Марат Башимовтың төрағалығымен ұйымдастырылды. Оның барысында қатысушыларға жаңа Конституция жобасының негізгі ережелері түсіндіріліп, сондай-ақ мониторинг пен жедел ден қоюдың цифрлық құралдарын дамыту, басқарушылық үдерістердің ашықтығын арттыру және азаматтармен кері байланыстың сапасын жақсарту мәселелері талқыланды. Жиында iKomek109-дың қала тұрғындары мен қалалық қызметтер арасындағы негізгі өзара іс-қимыл арнасы ретіндегі рөліне ерекше назар аударылды. Диалог аясында диспетчерлік қызметтің тиімділігін арттыру және деректерге негізделген ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту бойынша практикалық аспектілер қарастырылды. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар тұрақты консультациялар өткізудің маңызын атап өтіп, қалалық қызметтердің сапасын және жедел әрекет ету деңгейін арттыруға бағытталған цифрлық шешімдерді одан әрі жетілдіру қажеттігін жеткізді.

ПАТРИОТТЫҚ ІС-ШАРА ӨТТІ

Елордада 17 және 20 жасқа дейінгі спортшылар арасындағы грек-рим, еркін және әйелдер күресінен Қазақстан Республикасының чемпионаты аясында Конституциялық реформаларды қолдауға арналған патриоттық акция ұйымдастырылды.


Чемпионат елдің барлық өңірінен келген үздік балуандарды елордада тоғыстырып, болашағы зор спортшыларды анықтауға және жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға мүмкіндік жасады. Акция жас спортшылардың, жаттықтырушылардың, қоғам өкілдері мен жанкүйерлердің басын қосты. Оның барысында қатысушылар патриотизмнің, бірлік пен отандық спортқа қолдаудың символы ретінде Мемлекеттік туымызды салтанатты түрде желбіретті. Сонымен қатар Конституциялық реформаларды қолдауға арналған тақырыптық перформанс ұйымдастырылып, азаматтық ынтымақ пен жаңару бағытына қолдауды білдіретін «Жаңа Конституция үшін» деген жазуы бар баннер ашылды. Акция аясында жанкүйерлер, қоғам белсенділері мен қала тұрғындары бір арнаға тоғысып, өзара қолдау мен ауызбіршілікті айқын көрсетті.

РЕФОРМА МӘНІН ТҮСІНДІРДІ

Бас қаланың «Алаш» базарында орынды жалға алушылармен жаңа Конституция жобасы бойынша кездесу өтті. Конституциялық реформа мәнін Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының бас маманы Бауыржан Қуатбекұлы мен Amanat партиясы Байқоңыр аудандық филиалы партиялық бақылау комитетінің төрағасы Талғат Мамықанов түсіндірді.

Спикерлер басты құжат жобасының бөлімдеріне тоқталып, бұл Конституция Әділетті Қазақстан идеясы және Заң мен тәртіп қағидатын ұстанып, адамның және азаматтың құқығы мен бостандығын мүлтіксіз сақтауға бағытталғанын атап өтті. Жаңа Ата Заң бірлік пен ынтымақ, этносаралық және конфессияаралық татулық қағидаттарына сүйеніп, мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтарын бағдарға алып, табиғатты аялау қажеттігіне назар аударатынын айтты. Еліміздің жекелеген өңірлерінің экономикасын қарқынды дамыту мақсатында қаржы саласына қатысты арнаулы құқықтық режим немесе «қарқынды дамитын қала» арнаулы құқықтық режимі конституциялық заңдарға сәйкес белгіленуі мүмкіндігі жөнінде айта келе, оның мәнін түсіндірді.





ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ШЕКТЕУ – ШАРАСЫЗДЫҚТЫҢ АМАЛЫ

Бүгінгі таңда еліміздің қай аймағын қарастырмайық, жол мәселесі, әсіресе, жол қозғалысының қауіпсіздігі ерекше орын алып отыр. Бұл – өте заңды құбылыс. Жалпы дамыған елдерде автомобиль жолдарындағы қозғалыс қауіпсіздігіне ерекше назар аударылып, тиімді шараларды мың рет өлшеп, бір рет електен өткізіп отырады. Жолдағы әрбір шара шешімдер «телефон арқылы» емес, тікелей мамандандырылған зерттеулер нәтижесіне сәйкес халықтың талабына сай қабылдану дәстүрге айналған. Өкінішке қарай, «халықтың талабы» деген ұғым – біздің елде мүлдем ескерілмейтін ұсыныстар қатарында.

Жолды салу мен оның техникалық көрсеткіштері – мемлекетіміздің экономикалық жетістігі, ал оны күтіп-баптау – жолды пайдаланушылардың сұранысы, яғни талабы. Расында да, бүгінгі таңда жолдағы апаттарға негізінен 97 пайыз жүргізушінің кемшілігі деп қарастырылады екен, ал жол жағдайлары мен техникалық ақаулар шамамен 2,5-3 пайыздай үлеспен сипатталып отыр. Осылайша жолдағы апаттардың тууына басты себепкер – жүргізушінің жылдамдықты асыра қолдануымен немесе арақашықтықты сақтамауымен сипатталады. Бұл арада жолдың пайдаланымдық сапасы назардан тыс қалып отыр.

Қазақ халқының бойына сіңген жақсы бір қағида бар – ол алыс сапарға шығарда жолаушы бір ұстамға келуге өзін-өзі дайындау. Осы қағиданың басты ұстамы – «... жол апатынан сақтай көр!» деп өзіне-өзі тоқтау айту және сенімділік білдіру. Демек, ешбір жүргізуші апатқа қасақана ұшырамайтындығы анық. Бұл арада, әрине, уақыт – басты қағида.

Біздің елімізде 1-техникалық санатты жолдарды салу 2000 жылдан бастап Қазақстан автожол саласында өзекті орын алып келеді және соның ішінде осы жолдардағы есептік жылдамдықты ҚР СТ 1412-2017 құжатына сәйкес 110 км/сағат деңгейінде ұстау. Мұндай рұқсат етілген жылдамдық көрсеткіштері еліміздегі «Астана – Шортанды», «Алматы – Қапшағай» сияқты автодаңғылдарда да қолданысқа енгізілді, олардағы есептік жылдамдық 140 км/сағат. Бұл қағида ірі қалаларда да қолданысқа ене бастады. Астана мен Алматы қалаларындағы магистралдық көшелерде жоғары жылдамдық деңгейі 80 км/сағатқа, ал айналма жолдарды 110 км/сағатқа тең қабылданды. Егер осы жолдарда бекітілген жылдамдық жүргізушілер тарапынан бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасының Заң кодексінің 592-бабы бойынша 2026 жылдан бастап айыппұл төлеу жылдағы көрсеткіштен тағы да өсті. Оның көлемі: жылдамдықтың бекітілген межеден 10-20 км/сағаттан асқан жағдайында 5 АЕК (21 625 тг.), 20-40 км/сағат аралығында – 10 АЕК (43 250 тг.), 40-60 км/сағат аралығында – 20 АЕК (86 500 теңге) және 60 км/сағаттан асқан жағдайда – 40 АЕК (73 840 тг.). Егер жылдамдық бір жылдың ішінде 20-40 км/сағат аралығында қайталанса, онда 592 бап, 1 және 3 тармақтарына сәйкес жүргізушіге 30 АЕК (129 750 тг.) көлемінде айыппұл салынады. Бұл – Ресейден, Беларуссиядан және бірқатар еуропалық елдерден әлдеқайда жоғары көрсеткіш.

Қазақстанның 2000 жылдан бастап қолданысқа енгізген жолдардағы жылдамдықтың тұрақты деңгейден ауытқуына кері ықпалын тигізіп отырған бірқатар техникалық көрсеткіштер жайлы Б.Л.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институтының ғалымдары мен зерттеушілерінің пікірін назарларыңызға ұсынуды жөн санадым. 2016 жылы «Алматы – Өскемен» автожолында Талдықорғанға дейінгі 265 шақырым жол бөлігі пайдаланысқа берілді. Бүгінде бұл жол Өскеменге дейін толығымен аяқталды. Сол Талдықорғанға дейінгі жол бөлігінде 19 жаяу жол өтпелер осы 1-техникалық санатты жол бөлігінің тап үстіне түсіріліпті. Демек, бұл дегеніміз – осы арадағы жылдамдық жолдың техникалық көрсеткішінен, яғни 110 км/сағаттан 60 км/сағатқа дейін төмендейтін шешім. Сонымен қатар, жолдың бірнеше бөлігі таулы-жоталы рельефтен өтеді, бұл арада да жылдамдық 60 км/сағатқа дейін төмендетілген. Осы аралықта жол 6 елді мекеннен өтеді. Осыған байланысты жылдамдық 60 км/сағатқа шектелген. Енді ойланып көріңіз, бұл жүрдек жол ма, әлде, жергілікті жол ма? Жоба кезінде осы факторлар неге тыңғылықты шешімін таппаған. Сонымен қатар, әрбір жол бұрылыстарында да жылдамдық шектелген. Міне, біздегі жоғары жылдамдықтағы жолдың нақты техникалық сипаттамалары осы. Мен бұл арада жолдың қысқы күтілім сапасын айтып отырған жоқпын. Ол – жеке мәселе.

Демек, пайдаланымдағы жолдарға автожол саласы тиісті шара жасауы шарт. Ең алдымен, осы «Алматы – Талдықорған» аралығындағы жаяу жүргіншілерге арналған жолөтпеден бастаған орынды шешім дер едім. Мемлекеттік стандарттың талабы бойынша 17 жолөтпе міндетті түрде жолдың астына түсуі тиіс. Әрине, бұл жол қозғалысына елеулі кері ықпалын тигізері хақ, десек те салынып біткен соң бұл жолөтпелер өзінің тиімді қолданысын беретіні сөзсіз, апаттық деңгейі де елеулі төмендейді және қозғалыс жылдамдығы техникалық талапқа сай үйлеседі. Екінші мәселе, ол – жол бойындағы елді мекендерден жылдамдыққа шек келтірмей-ақ өткізу мәселесін түбегейлі шешу. Мысалы, Қонаев қаласынан өтетін жол бөлігінің ұзындығы – шамамен 11 шақырым. Мұндай ұзындықтағы жол бөлігін қала жолдарынан оқшаулау ешбір техникалық қиындық тудырмайды. Бастысы, жолаушылар өткелі мен ішкі қиылыспа жолдарды негізгі жолдан оқшаулау. Бұл мәселе – Қонаев, Шеңгелді, Айнабұлақ, Балпық би, Бақтыбай және Талдықорғанға кіреберіс пен айналма жолдағы жол өтпелерін реттеумен шешілетін іс.

Сөзге тиек етіп отырған «Алматы – Өскемен» автожолы халықаралық дәліз жолдар қатарында болмауы да мені біраз ойландырып отыр. Алматыдан Өскеменге дейін бұл жол арқылы Қытай Халық Республикасына өтетін 4 шекаралық бекеттерде (Қорғас, Достық, Бақты, Майқапшағай) халықаралық сауда тасымалы жүріп жатыр. Бұдан тыс аталмыш жол Ресей мен Моңғолияға және Алматы, Жетісу, Абай, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарының ішкі сауда айналымына тікелей тиек болып отыр. Бұл жол, сонымен қатар, Балқаш, Алакөл, Катонқарағай, Марқакөл, Зайсан сияқты табиғи демалыс орындарын да жалғастырып, жалпы саны 4 миллионға жуық халыққа даңғыл жол болып отыр. Өкінішті-ақ! Мемлекет бұл жолдың нақты салмағын бағаламай отырғандығы. Ол Алматыдан Өскеменге дейін 1-санатты жол болып салынып, жоғарыда аталған сауда және демалыс орындарына, әлеуметтік-экономкалық айналымдарға тиянақты өткел болуы тиіс еді.

2025 жылдың 3-қаңтарында «Астана – Шортанды» автожолында 95 автокөлік бір сәтте апатқа ұшырады. 90-ға жуық жолаушы мен жүргінші ауыр-жеңіл жарақаттар алды, оның ішінде жас сәбилер де бар. Мұндай қасіретті топтық апат, өкінішке қарай, соңғы 10 жыл көлемінде «Алматы – Өскемен» даңғылының «Алматы – Қапшағай» жолтелімінде де бірнеше рет 15-20 автомобильдердің қатысуымен орын алған еді. Жол полициясы қызметкерлерінің ұйғарымы бойынша апаттардың орын алуына тікелей жүргізушілер кінәлі. Жылдамдық жоғары болғандықтан, олар дер кезінде тоқтай алмаған және осының нәтижесінде тежеу жолының ұзындығы күрт артып кеткен. Иә, қай жолаушы жолға шыққанда уақытпен санассын. Десек те, межелі уақытты ұстау үшін жолаушылар мен жүргіншілер теңестіру қарекетін тікелей жылдамдықпен ұштастыратыны да анық.

Осы апат болған орындарды өз көзіммен көріп, апаттың неден пайда болғанына ғалым ретінде жауап іздедім. Негізінен, жолдың қар алып қалуына жол жиегіндегі апаттық қоршаулардың кері ықпалы тиетіндігі – нақты қағида. Көп жағдайларда жол дер кезінде қардан аршылса да, жиектік жолақтардағы тапталған қар толық тазаланбағандығы, бұл да нақты қағида. Бұл – біздің жолдарды қардан тазалау кезінде жиі қайталанатын «дәстүрлі» технологиялық кемшілік. Енді осы тапталған сырғақ қар мен толық тазаланған жол бетіндегі ілініс сапасын салыстырып көрелік. Тапталған қар бетінің ілініс коэффициенті – 0,1-0,16, ал толық тазаланған жол бетінің ілініс коэффициенті – 0,50-0,55. Дәлірек айтсақ, тазаланған жол бетіндегі ілініс коэффициенті тапталған қарға қарағанда 3,2-3,9 есе жоғары болып тұр. Біз мұны арнайы ИКСп аспабымен өлшеп білдік. Мұндай жағдайда тежегішті оқыс басқаннан автомобиль өз осінде күрт айналып кетуі – заңды құбылыс. Өйткені оның доңғалақтарының бір жағы тапталған қармен, ал екінші жағы тазаланған жол бетімен сырғитындықтан дөңгелекке түскен тежеу күші де әртүрлі орындалады.

Жоғарыда аталған жылдамдық қағидасының Қазақстанның ірі қалаларындағы көшелерінде қалай орын алатындығына қысқаша атап өтелік. Жалпы 2024 жылғы санақ бойынша Алматы қаласында 717 мың (жылдық өсім 11,3 %), Астанада 456 мың (+14,8 %) және Шымкентте 270 мың (+23,3%) автомобильдер тіркелген. Халық саны 2025 жылдың 1-маусымындағы санақ бойынша Алматыда – 2,315 млн., Астанада – 1,567 млн және Шымкентте 1,274 млн тұрғын тіркелген. Еліміздегі миллиондық қалаларда көліктер саны да, халық саны да өсіп барады, бірақ қаланың инфрақұрылымы осыған сәйкес жаңғырып жатпағаны да анық байқалып тұр. Қала көшелеріндегі көліктердің жылдамдығы Кеңес дәуірінде барлық қалаларымызда 60 км/сағ еді, енді, міне, бұл көрсеткіш 40 км/сағатқа түсті. Жекеленген орындарда одан да төмен. Қазір қалаларда да, қала сырты жолдарда да жылдамдықты қадағалау Жол полициясы органдарының тікелей ісіне айналып барады. Өйткені қауіпсіздікті төмендететін басқа шара да «болмай» отыр. Нәтижесінде халық наразылығы шашетектен екендігін де түсінеміз... Мысалы, Алматының кез келген көше қиылыстарына қарасақ, қозғалыс бағдаршамдар арқылы реттеледі. Сол бағдаршам жарықтары тек қана көліктік қозғалысты реттеп қоймай, сонымен қатар, жаяулар қозғалысын да бір тәртіпке келтіреді. Өте ауыр әрекет, әрі тым қолайсыз тәсіл. Дамыған елдерде қала жолдарынан бағдаршамдарды алып тастағаны қашан... Бұл арада біздің санамызға еріксіз 20-ғасырдағы ірі қалалардың жаяу жүргіншілерін көліктік қозғалыстан алшақтау идеясы келеді. Ірі қиылыспалардағы және көшеаралық жаяулар жолөтпелерін жолдың астына түсіру, көліктік қозғалыстан алшақтау – дәстүрлі тәсіл, бірақ біздің елде бұл шараның даму көрсеткіші әлі жетіспеген әрекетте. Егер жаяу жүргіншілер мен көліктік қозғалысты барынша біржүйелі алшақтасақ, бұл қалалардағы көлік қозғалысының тығыздығы 1,5-2,5 есеге дейін төмендеген болар еді. Сонымен қатар, ірі қалалардың өсу аумағын шектеу де біздің ел үшін аса қажетті шара дер едім. Елімізде ірі қалалар мен облыс орталықтары шектен тыс өсіп барады, ал шағын қалалар мен елді мекендердің өсуі мүлдем кенжелеп тұр. Қазақстан сияқты аграрлық ел үшін бұл да ойланатын мәселе, әрі уақыт осыны меңзеп те тұр.

Ірі қалалардағы жөндеу жұмыстарының технологиялық мәдениеті бүгінде халыққа кері ықпалын тигізіп отыр. Шетелдік әріптестерімізде автожол саласы бойынша (басқа да салаларда) «пайдалану мәдениеті» деген ұғым бар. Демек, істеген ісіңіздің біржүйелі орындалуы, оның қоршаған орта мен жүргіншілерге кері ықпалы барынша төмен болуы тиіс. Біздің коммунал шаруашылығы жолды немесе коммуникацияларды ауыстыру ісін міндетті түрде жазда орындайды. Ол үшін барлық көшелер өз кезегінде жабылады. Коммуникациялық жұмыстарды түсінуге болады, ал жол жамылғыларында пайда болған ақауларды шетелдік әріптестеріміз бір түнде-ақ қалыптастырып тастайды. Мұндай жұмыстар қыс мезгілінде де жүргізіле береді. Міне, технологиялық мәдениет деген – осы. Халық жолдың қайта жөндеуден өткенін сезіп те үлгірмейді, ақау лезде тәртіпке келеді. Бұл тәсілді біздің қалаларда да қолдануға әбден болады, ешбір сиқыры жоқ, қарапайым технологиялық әрекеттер. Бастысы – техникалық тәртіп пен мәдениеттің қатар ұштастырылуында.



Әбді ҚИЯЛБАЕВ,
техника ғылымдарының докторы, Л.Б.Гончаров атындағы Жол-көлік институтының профессоры, Халықаралық көлік академиясының (ІТА) академигі

№22 (4920) 24/02/2026 Сейсенбі

ЭТНОАРХЕОЛОГИЯ – ТАРИХТЫҢ АЛТЫН КІЛТІ

Айгүл УАЙС



Әлкей Марғұлан атындағы Археология институты Этноархеология тобының жетекшісі Орынбай Ошанов – этнография мен этноархеологияның біріккен саласының маманы. Этноархеологияның этноспен яғни қазақ ұлтының тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетімен байланысы туралы ғалымнан сұрап білген едік.

Жалпы этноархеология жеке ғылыми зерттеу бағыты ретінде шетелдерде (Америка, Еуропа) XX ғ. 60-70 жж. кеңінен тарап, әртүрлі бағытта дами бастайды. Англо-американдық археологтар этноархеологияны «іс-қимыл археологиясы» және «тірі мәдениет» деп анықтама береді. Олар «тірінің» «өлі» мәдениетке айналу процесінің заңдылықтары мен механизмдерін қадағалау арқылы біртұтас тарихты жасауға тырысады. Яғни олар белгілі бір этностың бүгінгі тұрмыс-тіршілігін бақылап, зерттей отырып көне заманмен салыстырады. Басқаша айтқанда, этнографиялық мәдениетті археологияға айналдырады.

Біздің (Қазақстан) жағдайымызда этноархеология бағыты өзгешелеу. Біз англо-американдық «өліні» «тіріге» айналдыру (немесе керісінше) әдісін қабылдай алмаймыз. Өйткені қазақ ұлты кешегі көшпелі өркениетті жалғастырушы ұрпақ болып табыламыз. Мысал ретінде айтсақ, ғасырлар қойнауындағы сақ мәдениеті мен бүгінгі біздің арамызда үзіліс жоқ. Яғни сақ заманының тарихын «өлі мәдениетке» жатқызбаймыз. Түркі-моңғол халықтарының бірі ретінде бізде сол көшпелі өркениеттің дәстүр жалғастығы сақталып келеді. Біз – сол ортаның төлтума мәдениетін алып жүруші халықпыз.

– Бұл қазіргі заманғы археологиялық, этнографиялық және тарихи зерттеулердің қажеттіліктерінен туындайтын сала ретінде ғалымдар үшін қаншалықты маңызды, ғылыми жұмыстары қалай бағаланады?

– Этноархеология – тарих ғылымы үшін өте қажетті бағыт. Қазақ тарихының бастауы қола және сақ дәуірлерінде жатыр десек, ал олардың шешуі кілтінің бірі қазақ этнографиясында жатыр. Өйткені сақ және түркі дәуірлерінен қалған тарихи мұраларды, заттық ескерткіштерді түсінуде қазақ халқының мәдениеті, яғни заттық және рухани мұралары өте маңызды рөл атқарады. Осы тұста бізге этноархеология саласы қажет. Өйткені этноархеология – археология мен этнография ғылымдарының ұштасқан жерінен туындайды.

Отандық тарих ғылымы қазақ тарихына тереңдеген сайын қордаланған жайттар көптеген сұрақтарда бірлесе шешуді қажеттілігі айқындалып келеді. Дәл осындай жағдай археология саласы алдында туындап отыр. Оның үстіне Қазақстан археологиясы тікелей көшпелі өркениет мұраларын, тарихи жәдігерлерін зерттеуге арналған. Осы тұста археология ғылымының арқа сүйейтін саласы этноархеология болмақ. Бұлар – бір-бірін толықтырып тұратын ғылымдар.

Қазақ археологиясы тек отырықшы қала-жұрттарын ғана зерттемейді. Қазақ археологиясының негізгі дені көшпелі мәдениетті тануға бағытталған. Бірер оба қазу, оның материалдарымен қанағаттану қазіргі археология ғылымы үшін аздық етеді. Қазіргі талап – зерттеу нысанын кешенді қарауды қажет етеді. Бүгінде Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының талабы осы секілді кешенді зерттеулерге негізделген. Әрине, археология жағдайында руды анықтау мүмкін еместігі белгілі, тек бұл жерде қазақ руларының көш жолдары арқылы ерте дәуірлердің өмір дағдысын, тұрмыс-тіршілігін айқындау – басты мақсат. Бұл жерде көмекке тек этноархеология ғана емес, институт қабырғасындағы түрлі лабораториялар да жұмыла қатысады. Қазба барысында табылған заттық дүниелер, антропологиялық немесе зоологиялық материалдар барлығы институт лабораторияларына түседі. Ешқандай материал сарылып жатып қалмайды.

> Этнография – өзінің аты білдіріп тұрғандай этносты, яғни халықты, ұлтты бір сөзбен айтқанда, халықтың рухани және заттық мәдениетін зерттейтін ғылым. Ал этноархеология ғылымы – археология мен этнография арасын жалғастырушы. Қазақ этнографиясының тамырын іздесек оны түркі, сақ дәуірінен көреміз. Немесе керісінше қазба барысында табылған дүниелерді түсінуде, маңызын ашуда қазақтың этнографиялық дүниелеріне арқа сүйейді.

Ресми түрде этноархеология тобы Ә.Марғұлан атындағы Археология институтында 2024 жылдың қаңтар айында құрылды. Жалпы этноархеология саласы біздің институтта кездейсоқ ашылған жоқ. Бұл – заман талабы, әрі біздің институтта оның алғышарттары мен негізі ертеден қаланған-тын. Біз Ә.Марғұланды қазақтан шыққан тұңғыш археолог қана емес, сонымен бірге этноархеолог ғалым ретінде танимыз. Академик өзінің зерттеулерінде (бөліп жарып этноархеология деп айтпаса да) бүгінгі біз этноархеология деп жүрген бағытты қоса қамтып, қазақ даласының ескерткіштерін ұлттық негізде қарастыруға тырысқан.

– Күні кеше ғана өткен адамдардың өмір сүрген жерінің ерекшеліктері, жайлауы мен қыстауы да өткен тарихты барлаудың маңызды тұстары ма деп айтуға бола ма?

– Мысалы, Жетісу жерін алатын болсақ, XIX ғ. қазақ пен сақ кезеңдерінің көш жолдарының еш айырмашылығы жоқ. Екеуі де қысты Іле бойында өткізсе, жазғы мекендері Іле Алатауының үстіндегі жайлауда болды. Яғни вертикальді көш түрі. Іле Алатауында қыстаудың екі түрі бар. Бірі – Іле бойына көшу болса, екіншісі – тау ішінің күнгей бетін қысқы тұрақ ретінде пайдалану. Екінші түрге Таушелек (Саты, Көлсай), Қастек жерлері жатады. Бұл жерде мекендеуші қазақ рулары жазда тау үстінде, күз бен көктемде тау бөктерлері немесе ашық жазыққа шықса, ал қыста таудың күнгей беткейін жайлаған. Тиісінше бұл қазақ руларының зират, қорымдары тау ішіндегі аңғарда немесе шыға беріс бөктерлерде орын тепкен. Дәл осы жерде қазақ қорымдарымен қатар сақтардың обаларын көруге болады. Таушелекте сақтардың обаларын қазу кезінде ғұндардың обаларын кездестірдік. Міне, бұл жайттардың барлығы көшпелі тұрмыс-тіршілік жағдайында бәрі тұрақты, қоршаған табиғат үстемдігімен өмір кешетініңізді, табиғат жағдайына бейімделу барысында, бәрібір сол көне сорапқа түсетініңізді көрсетеді. Өйткені далада бәрі тұрақты. Сіз көшпелі болғандықтан, табиғатқа тәуелдісіз. Шаруашылығыңызды, тұрмыс-тіршілігіңізді сол ортаға сай бейімдейсіз. Сізге табиғат көштері немесе ортағасырдағы көштердің еш айырмашылығы жоқ. Сол ғасырлар бойғы қалыптасқан көш жолына түсіп отырады.

Тек мынаны естен шығармаған жөн. Тарихта көшпелілердің маусымдық көш жолының екі түрін көруге болады. Бірі – халықтың империялық (Түркі қағанаты, Алтын Орда) немесе бейбіт уақыттағы, яғни әл-ауқатының қуатты (мыңғыратып мал айдаған) кезеңіндегі көші-қоны болса, екіншісі – дағдарыс (жаугершілік уақыт, жұттан кейін) кезеңіндегі көші-қон. Империялық кезеңде көшпелілер абсолютті көш жолдарын бағындырады. Мысалы, жаппас (Кіші жүз) пен қыпшақ (Орта жүз) рулары қыста Сырдың сол қабағы Қуаңдария бойын мекендесе, жазда бүгінгі Ресейдің Челябі, Троицк қалалары тұрған жерге дейін көшіп барып жүрген. Яғни, жайлау мен қыстаудың аралығы 2 мың шақырымға жуық. Жұттан кейін бәрі жағдайға байланысты. Мал басыңыз шектеліп қалғандықтан, сізге алысқа көшудің қажеті жоқ. Қыстауыңыздың маңайы, немесе 50-100 км радиус жетіп жатыр дегендей. Ал жаугершілік уақытта барлығы мәжбүрлі түрде іске асады (іргедегі жаудан қауіптеніп қыстауыңызға немесе жайлауыңызға бармау; ата-жұртыңнан қоныс аудару және т.б.). Сондықтан тарихты зерттеу барысында бұл жайттарды үнемі назарда ұстаған жөн.

– Этноархеология соңғы екі ғасырларда өмір сүрген тұлғалардың есімімен байланысты жерлерді қазуда жаңалықтар ашу мүмкін бе?

– Егер дәстүрлі қоғам, дәстүрлі салт-сананы зерттеймін десеңіз, белгілі тұлғалардың тұрғын-жайы немесе кесенесіне қарағанда қарапайым адамдардікі сізге көп әрі құнды информация береді. Өйткені белгілі тұлға, бай-манап немесе хан тұқымы болсын, олар – жаңашыл адамдар. Әл-ауқаты, жағдайы мүмкіндік беретіндіктен іргесіндегі елдердің үрдістерін, дүниелерін пайдаланады. Мысалы, XIX ғасырда Ұлытауда өмір сүрген аға сұлтан Ерден Сандыбайұлын алайық. Ерденнің қыстауы – жаңаша үлгідегі тұрғын-жай. Ол Атбасар, Ақмола қалаларындағы тұрмысқа еліктеп, өзіне ағаштан едені бар төрт бөлмелі үй, есік алдында моншаға дейін салдырады. Ерденнің мазары Ұлытаудағы Алтын Орда кезеңінің кесенелеріне еліктеп қызыл кірпіштен күмбездетіп соғылған. Келесі қырынан қарайтын болсақ, Ерденнің және оның ағасы Дүзеннің мазарлары – Ұлытау-Торғай өңіріне жаңаша үрдістің пайда болуына серпін берген ескерткіштер. Олар Алтын Орда ыдырағаннан кейін Ұлытауда 300-400 жылдай үзіліп қалған күмбезді-порталды мазарлардың қайта пайда болуына тікелей әсер етеді. Мен XIX ғ. пайда болған бұл үрдісті «Ұлытау – Торғай ренессансы» деп бағалаймын. Қазір Ұлытау мен Торғай даласында жүздеген кесене, мазарлар бой көтеріп тұр.

ЭТНОАРХЕОЛОГИЯ – ТАРИХ ҒЫЛЫМЫ ҮШІН ӨТЕ ҚАЖЕТТІ БАҒЫТ. ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ БАСТАУЫ ҚОЛА ЖӘНЕ САҚ ДӘУІРЛЕРІНДЕ ЖАТЫР ДЕСЕК, АЛ ОЛАРДЫҢ ШЕШУІ КІЛТІНІҢ БІРІ ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯСЫНДА ЖАТЫР. ӨЙТКЕНІ САҚ ЖӘНЕ ТҮРКІ ДӘУІРЛЕРІНЕН ҚАЛҒАН ТАРИХИ МҰРАЛАРДЫ, ЗАТТЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ТҮСІНУДЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ, ЯҒНИ ЗАТТЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ МҰРАЛАРЫ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАДЫ

Ал қарапайым халық өкілінің қыстауы дәстүрлі көне мәдениеттің жалғасы болып табылады. Кейде қазақ қыстауларының іргетасының қырынан қойылуы қола дәуірі немесе сақ кезеңінің құрылыс техникасын қайтайтындағы таң қалдырады. Сондай-ақ бүгінде белгілі жайт, қазақ қыстауы тұрған жерден қола дәуірінің, кейде сақ кезеңінің мекені де анықталып жатады.

Ал мерзімдік көш-қон тұрғысынан келетін болсақ, этноархеологияда төрелердің, бай-шонжарлардың жайлаған жерлері өте маңызды маркер. Олар қолы жеткендіктен даладағы ең шұрайлы жерлерді, жайлы қоныстарды иеленеді.

XIX ғ. ауқатты адамдардың қонысы арқылы біз ерте дәуірлердегі билеуші әулеттердің жайлаған жерлерін анықтай аламыз. Дәл сол Ерден қоныстанған Ұлытауды мысалға алсақ, ортағасырда ол аймақта Жошы хан, одан ертеде түркі дәуірінің ақсүйектері жайлаған. Оған Ұлытауда бой көтеріп тұрған әр кезеңнің сәулет ескерткіштері куә. Сол сияқты, бүгінгі Алматы облысының Нарынқол, Кеген және Үйғыр ауданы жерлері Шағатайдың (Шыңғыс ханның ұлы), одан кейін қазақ хандары Есім мен Жәңгірдің, кейін жоңғар қонтайшылары Сыбан Раптан мен Галдан Цереннің қоныстары болды. Сондықтан қазақ қыстауларының астынан немесе жанынан көне заманның мәдени қабаты анықталып жатса еш таңғалудың қажеті жоқ. Барлығы көшпелі шаруашылық, тұрмыс-тіршіліктен келіп шығады. Сіз жоңғар болып басқа елден келсеңіз де, уақыт өте жергілікті табиғат жағдайына бейімделе келе осы орынға шығасыз.

– Этноархеологиялық зерттеулер нәтижесінде материалдарды жинақтау, сипаттау барысында этнографиялық параллельдер әдісін қолдану қаншалықты тартымды?

– Этноархеология өзінің зерттеуінде бірінші кезекте этнографияның әдістемесімен жүреді. Бұл жерде негізгі рөлді салыстыру әдісі атқарады. Мысалы алып қарайтын болсақ, қазақтың ас беру дәстүрі мен түркі заманының тас мүсін орнату салтында ортақ үндестіктер бары байқалады. Экспедициялық зерттеулер барысында көз жеткізген жайт халық арасында ас өткен жерлер өз алдына топоним ретінде «ошақ» атауымен сақталып келеді. Мысалға, «Ботақан ошағы» (Шыңғыстау), Бектастың ошағы (Торғай), «Ерденнің ошағы» (Ұлытау), «Шегірдің ошағы» (Ұлытау), «Орманбеттің ошағы», «Ербекей ошағы», «Шегетайдың ошағы» (соңғы үшеуі Қарағанды облысы Ақтоғай ауданына қарасты) деген секілді атаулармен әлі күнге далада кездесе береді. Яғни бұл жерлер ас арналған марқұмның есімімен аталып қалған. «Ошақ» деп ас кезінде ошақ құрылып, қазан асылған жерлерді айтады. Ерденге ас берілген жерде әлі күнге ошақтың орындары сақталған. Ал осы ас берген жерлерді қарайтын болсақ, бұл алқаптан түркі дәуірінің тас мүсіндерін кездестіруге болады.

Яғни ас беру ғұрпы мен тас мүсіннің арасындағы үндестіктің ең маңызды куәсі, ол – тас мүсін мен ошақ орнының бір алқапта әлі күнге қабаттаса кездесуі болып табылады. XIX ғасырдағы қазақ астары өткен жерлер мен көне тас мүсіндердің жайлауда қатар келуі жайдан-жай болмаса керек. Сондықтан о баста шығу тегі бір болғандықтан, әлі күнге бір-бірін толықтырып тұрған далалық дәстүрлер деп айтуға болады.

Тас мүсіндерінің бірқатарының XIX ғасырдағы ас беру орындарымен қатар келуі бұл екі ғұрыптың ерте кездерде біртұтас шара болғанын дәлелдейді. Ал кезінде алқаптың дәл осы тас мүсін иесінің құрметіне «бәленің ошағы» деп бірнеше жүз жыл аталғаны, меніңше, еш күмән тудырмайды. Сондықтан мұндай жерлердің атаулары келесі өткен Аспен байланысты кезектесіп ауысып отырған.

Осылайша бүгінгі қазақтың өз жерінде кешегі көшпелі өркениеттің заңды жалғастырушы ұрпақ екенінің бар дәлелін этнография мен археологияның ұштасқан жерінде тауып анықтай аламыз.



САРЫАРҚАНЫҢ САҢЛАҒЫ

АНТРОПОЛОГИЯ АЛПАМЫСЫ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Былтыр ғалымның мерейтойы қарсаңында өзі кезінде қызмет істеген Ұлттық музейде «Ғасыр. Тұлға. Ғылым» атты дөңгелек үстел отырысы ұйымдастырылды. Сонда Оразақ Смағұлдың қазақтың шығу тегін зерттеудегі ерен еңбегі, тұлғалық болмысы туралы біраз айтылды. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин ғалымға арнайы құттықтау жолдады.

«Біз өзіңізді қазақтан шыққан тұңғыш антрополог, парасатты профессор, әйгілі академик ретінде ерекше қадірлейміз. Сіз саналы ғұмырыңызды төл шежіремізді түгендеуге арнадыңыз. Халқымыздың шығу тегін зерделеп, тарихи жадын жаңғыртуға зор үлес қостыңыз. Теңдесіз еңбектер жазып, жұртымыздың жылнамасы тым тереңнен тамыр тартатынын ғылыми тұрғыда дәлелдедіңіз. Жарты ғасырдан астам уақыт зерттеу жүргізіп, жарыққа шығарған «Қазақ халқы және ата тегі» ұлттық ғылымның аса құнды қазынасы саналады. Бүгінде қажырлы еңбегіңіз лайықты бағаланып, еліміздің құрметіне бөленіп жүрсіз. Ғибратты ғұмырыңыз бен өз ісіңізге деген адалдығыңыз өскелең ұрпаққа әрдайым өнеге болары сөзсіз» делінген еді Мемлекеттік кеңесшінің құттықтауында. Дұрыс сөз, еңбегіне берілген биік баға.

Бұл жиынның өткені жөнінде газетімізге шағын хабар жазып, ақпараттың сілтемесі мен Еңбек Ерін беру туралы пікірімізді әлеуметтік желіде жариялағанымызда біраз адам ұсынысымызды құптайтынын білдірді. Соның бірі, белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Өтеген Оралбайұлы – «Оразақ ағамыз Еңбек Ері атағына әбден лайық, оның 70 жылдық еңбегінің том-томы ұлттық игілікке айналар ұлық байлық. Ғалымды кезінде Мемлекеттік хатшы Марат Тәжинге үш рет айтып қабылдата алмадым. Обал болып бара жатыр, жасы келіп қалды. Антропология Алпамысы...» деп жазды. Мақаланың тақырыбын да ақынның сөзінен алып отырмыз. Расымен, Оразақ Смағұл антропология саласында заңғар таудай іс атқарды. Оны «Тобылдан шыққан антропология Толағайы» десек те болады.

Негізінен тұңғыш антрополог туралы аз жазылмады. Ғалымнан сұхбат алып, ол жайында бірнеше мақала жазған белгілі журналист Бекен Қайратұлы «Оразақ Смағұл – тек антропология саласын зерттеуші ғалым ғана емес, халқымыздың тұрмыс-салт этнографиясын, тарихи-әлеуметтік һәм генеологиялық даму сатыларын, тіпті ұлтты тұтастырып тұратын рухани ұстын-тетіктерді жетік білетін оқымысты» дейді.

Ал қазақтың шығу тегін зерттеу ниеті студент кезінде пайда болды. Екі жасында қазақ даласы алапат ашаршылыққа ұрынғанда Құдай қолдап, аман қалды. Есейе келе, бұл қолдан жасалған ашаршылық екенін түсінді. Жалпы, қазақты отарлау саясатының зардабын жақсы түсініп, компартияға да өтпеді.

«Негізі, Орекең – батыр адам. Батыр болмаса, отарлаушылар күлге көміп, жоқ қылған қазақты феникс құстай түлетіп, қырық ғасырлық тарихын ғылыми дәйекпен дәлелдеп бере ме? 1977 жылы отыз жыл маңдай терін төгіп жазған «Этническая геногеография Казахстана» атты кітабын баспада теріліп жатқан жерінен компартияның көз-құлақтары тапа-тал түсте бірін қалдырмай өртеп жібергенде былқ етпепті» деп жазады Бекен Қайратұлы.

Оразақ Смағұл ҚазМҰ-дың тарих факультеті мен Алматы медицина институтын қатар оқып бітірді. «Бірінші курста оқып жүріп, археологиялық қазба жұмыстарына жегілдім. Сонда аңғарғаным, археологтар қазба жұмысы кезінде табылған артефактілерді мұқият жинап алады да, адам сүйектерін шашып тастап жүре береді. Яғни, археологтарға тек материалдық мәдени мұралар ғана қажет. Адам қажет емес екен. Бізді басқарып барған ұстаздан сұраймын ғой «мына сүйектерді зерттеумен айналысатын біреу бар ма?». Ешкім жоқ. Осы мәселе мені қатты ойландырды. Заттық мұра деген – жай бір бұйым. Ал оны жасаған һәм пайдаланған адамды неге зерттемейміз? Осылай антрополог болуға бел байладым» деген еді ғалым бір сұхбатында.



ҒАЛЫМ ҰЗАҚ ЖЫЛҒЫ ЗЕРТТЕУІНІҢ НӘТИЖЕСІНДЕ БАРЛЫҚ ҚАЗАҚ БІР ТЕКТЕН ТАРАҒАНЫН, ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҚЫРЫҚ ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАРЫН ҒЫЛЫМИ ТҮРДЕ ДӘЛЕЛДЕП ШЫҚТЫ. БҰЛ ТҰЖЫРЫМ – ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМ САЛАСЫ БОЙЫНША ЕМЕС, БИОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН АНЫҚТАЛДЫ

Оқуды бітірерде бағына орай Мәскеуден жергілікті бір ұлт өкілін антропологияға бейімдейміз деген қағаз келді. Сөйтіп қазақ баласы 1957 жылы антрополог болу үшін Қаз КСР Ғылым академиясының жолдамасымен Мәскеуге аттанды. Онда Миклухо-Маклай атындағы этнография институтының аспирантурасына түсті. «Ғылыми атақ қорғау үшін тақырып таңдауым қажет болды. Қаз КСР Ғылым академиясының жолдамасымен оқып жатқандықтан, кандидаттық тақырып таңдауына олардың келісімі керек екен. Яғни қазақстандық жағдайға қатысты тақырып таңдауға тиісті екем. Бірақ Мәскеу айтады «Қазақстанға қатысты тақырып таңдай алмайсың, себебі онда сен зерттейтін сүйек қоры жоқ». Бұл пікірге академия келіспеді. Екі ортада сандалып мен жүрмін...»

Бұл ғалымның бір сұхбатынан үзінді. Сөйтіп жүргенде Қаз КСР Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаевтың қолдауының арқасында мәселесі оңынан шешіледі. Қаныш Имантайұлы Мәскеуге бір келгенде аспирант Оразақ оған жолығып, түйткілін айтады.

«Мені мұқият тыңдап болып Қаныш аға «енді не керек?» деп өзіме сауал қойды. «Қазақстанда сүйек қорын жасауымыз қажет». «Түсіндім, бұдан басқа не керек?». «Сүйек қорын жасайтын экспедиция жасақтау қажет». Қанекең бас изеді. Маған бұрылып «дереу экспедицияға дайындал!» деп бұйрық берді.

Қуаныштан төбем көкке бір елі жетпей рақметімді жаудырып, бөлмеден шығып бара жатыр едім, Қаныш аға маған «тоқта» деді. Кілт тоқтадым. Қайран аға қасыма келді. Көзінде мұң бар. «Қарағым, Оразақ» деді, – әрбір жан иесінің биологиялық ата-анасы болатыны секілді, әр халықтың биологиялық ата-анасы бар. Сен қазақтың биотегін дәлелде». Қаныш ағаның осы бір ауыз сөзі маған өмірлік қуат берді.

Арада үш күн өтті. Институттың басшысы шақырып жатыр деген хабар келді. «Не боп қалды екен...». Сүрініп-қабынып жеттім. Директордың алдында Сәтбаевтың қолы қойылған телеграмма тұр. Оқып берді. Қағазда мені экспедицияға басшы ретінде тағайындап, үш ай жұмыс жасауға 12 мың рубль, бір машина, төрт ғылыми қызметкер бөлгені жайлы айтылыпты» дейді Оразақ Смағұл бұл оқиғаны еске алғанда.

Ғалым ұзақ жылғы зерттеуінің нәтижесінде барлық қазақ бір тектен тарағанын, ұлтымыздың қырық ғасырлық тарихы барын ғылыми түрде дәлелдеп шықты. Бұл тұжырым – жаратылыстану ғылым саласы бойынша емес, биологиялық тұрғыдан анықталды. Бұған қоса, Оразақ Смағұл Есіктен табылған «Алтын адамның» сүйегіне ғылыми сараптама жасап, оның 20 жастағы ер адам екенін анықтап берді. Абылай ханның сүйегін қазып алып, сүйекті Мәскеуге алып барып, арнайы зертхана зерттеді. Сонда ханның бойы 1 метр 66 сантиметр болғанын, 50 жасқа жетпей аяғынан жараланғанын анықтады. Әйтеке бидің сүйегіне де зерттеу жүргізді. Біле білген адамға, бұл да қыруар еңбек. Сол еңбегі көзінің тірісінде бағаланғаны жөн.

СТИГМА ЖӘНЕ КЕМСІТУШІЛІК

АИТВ инфекциясы – адам иммун тапшылығы вирусынан туындайтын созылмалы жұқпалы ауру, иммундық жүйенің белгілі бір зақымдануымен сипатталады және ақырында иммун тапшылығы синдромының қалыптасуына әкеледі.

«Стигма» (тікелей аударғанда «таңба», «жала») – жеке адамға немесе адамдар тобына теріс әлеуметтік рөлді таңуға бағытталған процесс. Бұл әлеуметтік «жала» өте күшті болып, айналасындағы адамдардың адамға немесе топқа қатынасын айтарлықтай өзгертеді және адамның өзіне деген қатынасына да әсер етеді. Стигматизация әлеуметтік таңбалардың тағылуын білдіруі мүмкін.

Кемсітушілік – бұл адамның немесе адамдар тобының белгілі бір санатқа немесе әлеуметтік топқа жатуына байланысты әділетсіз немесе қатыгез қарым-қатынас. Бұған нәсіл, жас, жыныс, дін, сексуалды бағдар, сыртқы келбет немесе басқа белгілер бойынша кемсітушілік кіруі мүмкін.

Стигматизация әлеуметтік таңбаларды тағу дегенді білдіруі мүмкін. Дискриминация – бұл адамның немесе адамдар тобының белгілі бір категорияға немесе әлеуметтік топқа кіретіндігіне байланысты әділетсіз немесе қатыгез қарым-қатынас көрсетуі. Бұл нәсіл, жас, жыныс, дін, сексуалдық бағдар, көрініс немесе басқа да сипат бойынша дискриминацияны қамтуы мүмкін. Дискриминация әртүрлі көрініс табуы мүмкін, соның ішінде қудалау, мазақтау, мүмкіндіктерге немесе ресурстарға қол жеткізуді шектеу. Бұл – жеке адамдарға да, қоғамға да әсер ететін кең тараған мәселе. Осындай әрекеттер әлдеқайда үйлесімді және әділ әлем құруға үлкен кедергі болып табылады.

Дискриминация белгілері.

Дискриминация кейде байқалмай қалуы немесе жасырын болуы мүмкін, сондықтан оны анықтау қиын, бірақ біреудің дискриминацияға ұшырап жатқанын білдіруі мүмкін кейбір белгілер бар:

1. Теңсіз қарым-қатынас. Егер біреуге үнемі басқалардан өзгеше қаралса, бұл белгі болуы мүмкін.

3. Стереотиптер. Егер біреу олардың нәсіліне, жынысына, жасына, ауруына немесе басқа ерекшеліктеріне байланысты теріс стереотиптерге тап болса, бұл кемсітудің белгісі болуы мүмкін.

4. Қорқынышты қарым-қатынас. Егер біреу ортада қастандыққа немесе дұшпандыққа ұшыраса, бұл кемсітудің белгісі болуы мүмкін.

Стигма мен кемсіту түрлі жағдайларда орын алуы мүмкін: денсаулық сақтау жүйесінде, отбасында, түрмеде, жұмыста, құқықтық институттарда (сот, заң шығарушы органдар), білім беру жүйесінде, ақпарат құралдарында, сақтандыру/әлеуметтік жәрдемақы алуда, некеде, қолданыстағы заңдарда, сапарлар/миграция кезінде, өлім жағдайында.

Көбіне стигматизацияның ең ауыр жүгі қоғамнан қабылданбайтын топтың адамдарына түседі: аз қамтылғандар, ұлттық азшылық өкілдері, ер адамдармен жыныстық қатынасқа кіретін ер адамдар, инъекциялық есірткі қолданушылар мен секс-бизнес қызметкерлері, АИТВ-пен өмір сүретін немесе туберкулез ауруымен ауыратын адамдар.

Сондықтан стигма және нәтижесінде, кемсіту дискриминация АИТВ-ның алдын алу және емдеу қызметтеріне, оның ішінде АИТВ тестілеуіне жүгінудің төмен болуына әкелуі мүмкін.

Стигма мен дискриминация АИТВ-позитивты адамның дәрігерлерге, серіктестерге және отбасына өзінің жағдайын ашуға деген дайындыққа теріс әсерін тигізеді. Бұл өз кезегінде медициналық қызметтерге баруды кейінге қалдыруға немесе одан бас тартуға әкеледі, себебі құпиялылық бұзылуынан қорқу бар. Стигма мен дискриминация АРТ (антиретровирустық терапия) қабылдау режимін сақтамауға, сондай-ақ адамдарды дәрі-дәрмектерін жасыруға мәжбүр ететіндіктен, олардың режимін бұзуға әкелуі мүмкін.

Балалар да стигма мен дискриминацияға ұшырайды: «баласы нашақор», «оның қор бол» немесе «оны біздің балалардан оқшаула». Егер баланың анасы немесе әкесі АИТВ-пен ауырса, көп жағдайда басқа балалардың ата-аналары бұл балаға ойынға баруға рұқсат бермейді, тіпті шындығында бұл олардың денсаулығына қауіп төндірмесе де.

Сонымен қатар ішкі стигма, яғни өзін-өзі стигматизациялау бар – бұл адамның өзіне тиесілі топқа қатысты стигма және бұл адам өзін-өзі қабылдауына әсер етеді. АИТВ-мен өмір сүретін адамдар, инъекциялық есірткі қолданатын тұлғалар (ИЭҚТ) және басқа да негізгі топтар өзіне деген төмен өзін-өзі құрметтеу сезімінен, сенімділіктің жеткіліксіздігінен және жалғыздықтан зардап шегеді; олар өз әлсіздігін сезінеді және қолдау қызметтерінен алшақ болғаны үшін ойлануы мүмкін. Стигма мен кемсітудің жағдайында көптеген адамдар өздерінің АИТВ-статусын жасыруды немесе оны білуден бас тартуды қалайды. Бұл денсаулыққа айтарлықтай зиян келтіреді және эпидемияның тез таралуына ықпал етеді.

«Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекс бойынша, АИТВ-пен өмір сүретін адамдар әлеуметтік және құқықтық қорғауға кепілдік алады. Диагноз, сексуалдық бағдар, тері түсі, нәсілдік ерекшелікке байланысты ешкімнің құқықтары шектелмеуі керек. Қазақстан – зайырлы, өркениетті мемлекет, сондықтан АИТВ-инфекциясына байланысты стигмаға жол берілмейді. Стигма мен дискриминацияның алдын алу үшін әр адам АИТВ-инфекциясының ауа-тамшы, су, тұрмыстық байланыс арқылы, ортақ ыдыс, дәретхана, көлік пайдалану кезінде, мектепке бару кезінде, спорттық ойындар кезінде, бассейнде жүзу кезінде, қол алысу, құшақтау, сүйісу арқылы жұқпайтынын білуі керек. АИТВ-пен өмір сүретін адамның өмірі дені сау адамның өмірінен айтарлықтай ерекшеленбейді. Қазіргі медицина арқасында бұл ауру өлімге әкеп соқтыратын деп есептелмейді және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы оны созылмалы аурулар санатына жатқызды. Уақытында басталған АРТ арқылы, принцип бойынша: тест тапсырып, оң нәтиже шықса антиретровирустық терапияны қабылдау, ұзақ әрі сапалы өмір сүруге болады.

Шартты қысқартулар;

АИТВ – адам иммун тапшылығы вирусы;

АРТ – антиретровирустық терапия.

М.АБДУМАНАНОВА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» дәрігер-инфекционист

№22 (4920) 24/02/2026 Сейсенбі

УАҚЫТТЫ ЖЕҢГЕН ТУЫНДЫ

Николай Гогольдің «Ревизор» пьесасы уақыт пен кеңістікті жеңген классикалық туынды екені даусыз. Елорданың «Жастар» театрының сахнасында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрқанат Жақыпбай қойған бұл спектакльдің ерекшелігі – жиырма жылдық тарихына қарамастан, өзінің көркемдік формасын, мәні мен қуатын сақтап қалуында. Бұл қойылым жыл сайын бір рет қойылса да, әр жолы жаңа эмоциялар сыйлап, көрерменді қайта-қайта көруге жетелейді. Осындай тұрақтылық пен сапа – театр өнеріндегі нағыз феномен.



Спектакльдің алғашқы сәтінен бастап-ақ режиссерлік және көркемдік шешімдердің терең ойластырылғаны байқалады. Сахна ортасында жалғыз қалған Дуанбасы (Әділ Ахмет) бейнесі, сахна сыртынан естілген белгісіз дыбыстан шошып, үрейленген қалпы алдағы оқиғалардың сипатын айқындайды. Кейін сахнаға шыққан актерлердің сахнадағы қызыл кілемді абыржыған кейіппен тазалап жүруі – қоғамдағы әбігер мен үрейдің, жемқорлықтың «ізін жасыру» әрекетінің аллегориялық көрінісі.

Жандәулет Батайдың Бобчинскийі жеңіл, көңілді және әдепкі «жағымпаз» мінезімен ерекшеленеді. Оның қимылдарындағы жылдамдық пен бет-әлпетіндегі балаңдық көрерменді бірден өзіне баурап алады. Актер кейіпкердің ішкі әлемін аша түсу үшін әр қимылын, әр мимикасын мұқият ойнайды. Оның әр сәті трагифарс жанрының ішкі логикасына сай. Актердің ойынында жасандылықтың ізі де жоқ. Жандәулет Батайдың Бобчинский рөліндегі шеберлігі – спектакльдің ең тартымды тұстарының бірі. Оның сахнадағы шынайылығы қойылымның жалпы көркемдік құндылығын арттырады.

Спектакльдің басты кейіпкері – Хлестаков рөлін сомдаған Дәурен Серғазиннің ойыны ерекше атап өтуге тұрарлық. Актер Хлестаковтың жеңіл ойлы, бос сөзді сипатын табиғи қалпында жеткізу арқылы, оның психологиясын тереңнен ашады. Дәуреннің Хлестаковы – тек күлкі тудыратын карикатура емес, өзінің өтірігіне өзі сене бастайтын, билік пен жағымпаздықтың құрбаны болған, соның ішкі драмасын бастан кешіретін кейіпкер. Дәурен Серғазиннің сахнадағы пластикасы мен сөз саптауы кейіпкердің ішкі өзгерістерін айқын көрсетеді. Бастапқыда Хлестаковтың жеңілтектігі, әңгімеге құмарлығы байқалса, оқиға өрбіген сайын, оның бойындағы бос мақтаншақтық бірте-бірте сенімділікке, тіпті, тәкаппарлыққа ұласады. Актер осы өзгерістерді мимикасы, интонациясы және қимылдары арқылы көрерменге шебер жеткізеді.

Мәдина Май сомдаған Мария Антоновна мен Хлестаков арасындағы махаббат сезімі сахналары өте шебер орындалған. Актриса Анна Андреевнаның аңқау, өзімшіл және сәнқой мінезін тартымды әрі қуатты етіп ашқан. Оның сахнадағы энергиясы, Хлестаковқа жағымды көріну үшін жасаған әрекеттері кейіпкердің ішкі қызығушылығы мен трагифарстық табиғатын толық ашады. Актрисаның қуатты ойыны қойылымға ерекше реңк беріп, көрерменді өзіне тартады.

Пошта бастығы Шпекина рөлін сомдаған Айнұр Рахипованың ойыны ерекше назар аударуға лайық. Актриса өз кейіпкеріне жан бітіріп, оның тек комедиялық элементтерін ғана емес, сонымен бірге ішкі мінезіндегі қызбалық пен энергияны да айқын көрсетіп, сахнадағы ең қуатты тұлғалардың біріне айналдырған. Актриса Шпекина рөліндегі энергиясы, бір деммен бірнеше репликаны айтып шығу шеберлігі – нағыз кәсібиліктің белгісі. Бұл тыныс алу техникасын жоғары деңгейде игерген актрисаның жұмысы сахнада шынайы театр атмосферасын сезінуге мүмкіндік береді.

«Жастар» театрының «Ревизор» қойылымындағы көркемдік шешімдердің ішінде костюмдердің дизайны мен стилі ерекше назар аудартады. Біздің байқауымызша, бұл костюмдер кейіпкерлердің ішкі мәнін аша түсетін маңызды символикалық жүк арқалаған. Актерлердің құмырсқаға немесе басқа жәндіктерге ұқсас стильде жасалған. Бұл – кейіпкерлердің ішкі мәнін, олардың қоғамдағы «жәндіктей» аласұрған тіршілігін меңзейтін метафоралық шешім. Костюмдердің осылай стилизациялануы билік басындағы адамдардың адамдық қасиеттерін жоғалтып, бір жүйенің «винтиктеріне» айналғанын, яғни «жәндіктендірілгенін» меңзейді. Олардың әдемі, бірақ біртүрлі формалары осы әлеуметтік сыбайластықтың, біркелкіліктің бейнесі іспетті. Костюмдердің бұл әдемі әрі қызықты стилі – қойылымның жалпы эстетикасына сай.



Хореография мен актерлердің пластикасы – спектакльдің қозғаушы күші. Бұл элементтер қойылымның жалпы көркемдік кескіндемесінде ерекше орын алады. Актерлердің жас ерекшелігіне қарамастан, сахнадағы қозғалысы таңқаларлықтай жеңіл әрі еркін. Бұл жылдар бойғы тәжірибенің, физикалық дайындықтың және сахналық мәдениеттің жоғары деңгейін көрсетеді. Қойылымдағы би элементтері мен жаппай сахналардағы қозғалыстар өте қуатты әрі синхронды орындалған. Актерлердің бір-бірін сезініп, бір ырғақта қозғалуы труппаның ансамбльдік жұмысының жоғары деңгейін көрсетеді.

Біз бұл спектакльді көре отырып, театр өнерінің қуатын, актерлік құрамның жан-тәнімен беріле жұмыс істеуін және режиссерлік концепцияның тереңдігін сезінеміз. Қойылымның көркемдік қуаты мен актерлік шеберлігінің шынайылығы бізді қатты тебірентті. Мұндай қойылымдар – ұлттық театр өнерінің байлығы.

Нұрсая ҚАЙРАТ,
К.Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер
университетінің студенті

ҰЛЫ ДАЛА ЖЫРШЫСЫ

Елорданың Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №3 балалар кітапханасында өлең сөздің дүлдүлі, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына орай «Ұлы дала жыршысы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Іс-шарада ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған кітаптар мен әдеби материалдар оқырмандар назарына ұсынылды. Жамбылдың «XX ғасырдың Гомері» атанғаны, қазақ әдебиетіндегі орны туралы айтылды. Өлеңдері туған жерге сүйіспеншілік пен патриотизмге толы екені сөз болды.

№2 «Дарын» мектеп-лицей-интернатының оқушылары домбырамен күй орындап, көрмеге ерекше рухани әсер сыйлады.

Жалпы қалалық Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ақпараттық библиографиялық қызмет бөлімі «Әдебиеттің асқаралы алыптары мерейтойлық кітаптар шеруі» атты кітап көрмесін ұсынды.

Көрменің мақсаты – оқырмандарды қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерімен таныстыру, олардың шығармашылығын насихаттау және рухани құндылықтарды дәріптеу. Материалдарының арасында Жамбыл Жабаевтың да мерейтойы қамтылған. Бұл көрме қала кітапханаларында жыл бойы қызмет көрсетеді.



Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ӘЙГЕРІМНІҢ АЛҒАШҚЫ КОНЦЕРТІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның камералық залында әнші, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Әйгерім Аманжоловаының алғашқы жеке шығармашылық концерті өтті.

Кеш иесі Қазақ ұлттық өнер университетінде Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор Гүлнар Хамзинадан дәріс алды. Өнерін шыңдау мақсатында Милан университетінің профессоры, режиссері және «Giacosa di Ivrea» театрының көркемдік жетекшісі Паоло Босисионың, Барокко дәуірінің ән салу мектебінің оқытушысы маэстро Ф.Опаның, Одесса опера театрының солисі Э.Погосовтың шеберлік сабақтарына қатысты. «Астана Опера» халықаралық опера академиясында опералық ән салу маэстросы, Милан консерваториясының профессоры А.Гусевтің сыныбында өнерін шыңдады.

Әйгерім Аманжолова – жас болса да, көптеген республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты. Атап айтқанда, «Шабыт» шығармашыл жастардың XX халықаралық байқауында, Ахмет Жұбанов және Ғазиза Жұбанова атындағы I республикалық вокалистер байқауында лауреат атанды. Бибігүл Төлегенованың VIII халықаралық вокалистер байқауында және «Романсиада» XIX халықаралық вокалистер байқауында екінші орынды алды. Мұқан Төлебаев атындағы VI халықаралық байқауының және КСРО халық әртісі, Халық Қаһарманы Нұрғиса Тілендиев атындағы V халықаралық вокалистер байқауының бас жүлдесін иеленді. «Le concurse du Roi Louis» XIV халықаралық байқауында және «Орфей» II халықаралық вокалистер байқауында бірінші орынды алды. Жеңістің 70 жылдығына арналған республикалық патриоттық әндер байқауы мен «Salve Regina» I республикалық вокалистер байқауында топ жарды. Бұған қоса, Қазақстанның X және XI Ұлттық Дельфий ойындарына екі рет қатарынан қатысып, екеуінде де екінші орын (Күміс медаль) иеленді.



Әйгерім Қазақстанның көптеген қалаларында және Ресей, Словакия, Братислава, Венгрия, Будапешт, Австрия, басқа да елдердің сахналарында ән шырқады.

Ал елордадағы алғашқы кеші әншінің шығармашылық жолындағы маңызды әрі есте қаларлық қадам болғаны сөзсіз. Сахнада онымен бірге кеш қонағы, Әйгерімнің өмірлік қосағы, баритон, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Алтынбек Әбілда өнер көрсетті. Фортепианомен Роза Шотқалиева сүйемелдеді. Ал «Сарыарқа» халық музыка ансамблі концерттің ұлттық реңкін айқындай түсті. Концертте әлемдік классика мен қазақ композиторларының туындылары шырқалды.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №22

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ